





# Мектеп дамуына байланысты инновациялық процестерді басқару

## Жоспары

1. Педагогикалық жүйе ретінде мектепті басқару барысы
2. Білім беру саласындағы инновация
3. Білім беру саласындағы ұйымдастыру инновациясы



1. Педагогикалық жүйе ретінде мектепті басқару барысында, бір жағынан, оның тұтастығын сақтауға, екінші жағынан- ондағы жүйе бірліктерінің әрекеттеріне ықпал жасаумен оларды өзгертіп, реттеуге мүмкіндік беруі қажет. Педагогикалық жүйенің өзіндік қызметтері қоғам қажетінен туындаған мақсаттардың дәл мезетінде орындалып баруына бағытталуы қажет. Мақсаттар мектептің педагогикалық жүйесінің мазмұнын айқындайды, ал сол мазмұнның іске асырылуы, өз кезегінде көптеген , әрқилы әдістер мен формаларды ойластыруды керек етеді.



Қазіргі кезеңдегі экономика ғылымының, оның ішінде **ИННОВАЦИЯ теориясының дамуында** жаңаның қалыптасуы, жаңа енгізілімдерді тарату(диффузия), инновациялық шешімдерді жасау, инновацияларды адам қажеттілігіне бейімдеуге негізделетін бағыттарды ажыратуға болады. Инновация басқа да ғылымдардың қарастыратын объектілеріне айналуға, сонымен бірге әрқайсысы оның өзіндік мәселелері мен сұрақтарын зерттейді. Философия жаңа білім мен қайшылықтарды шешу нұсқаларына, психология туындаған келіспеушіліктер мен оларды шешу тәсілдеріне назар аударады. Техникалық ғылымдар түбегейлі жаңа өндіріс әдістерін қалыптастырудың технологиялық жақтарын негізге аласа, экономикалық ғылымдар идеялар мен теорияларды ендіру, инновация мәселелерінің басымдылығы сұрақтарына және инновациялық идеялардың қажеттілігінің экономикалық алғышарттарына көңіл аударады.

2. Білім беру саласындағы инновацияны жасау, игеру және тарату – жаңа білім беру жүйесін қалыптастырады. Бұл икемді, ашық, жеке тұлғалық, жасампаздық білімнің, адамның бүкіл өмір бойы үздіксіз білім алуының жаһандық жүйесі.

Білім беру жүйесіндегі инновациялар ең бірінші келесі жайлар маңызды роль атқаратын жүйешелерден тұрады

- Технологиялық инновациялар – жаңа білім беру технологиясы;
- Педагогикалық инновациялар – оқыту мен білім берудің жаңа әдістері мен тәсілдері;
- Ұйымдастырушылық инновациялар – жаңа ұйымдастырушылық құрылымдар және білім беру саласындағы жаңа институционалдық формалар;
- Экономикалық инновациялар – білім беру саласындағы жаңа экономикалық механизмдер.

## ***Білім берудің жаңа жүйесі келесі принциптерге негізделген:***

- білім беру жүйесін дамыту проблемасын тек білім беру жүйесі деңгейінде ғана емес, сонымен қатар, жалпы мемлекеттік саясат және халықаралық деңгейде шешу;
- білім беру менеджментінде жүйелілік принципін барлық деңгейде жүзеге асыру;
- білім беруді ұйымдастырудағы қаржыландыру мен ұйымдастырудағы мемлекеттің ролін қайта қарау;
- білім беру қызметі нарығын дамыту;
- білім беру жүйесіндегі әртүрлі әлеуметтік институттардың ролін, бірінші кезекте кәсіпорындар мен отбасының ролін қайта қарау;
- оқу орындары мен онда оқытындардың білім беру процесін ұйымдастырудағы ролін қайта қарау.

**Педагогикалық инновациялар** – бұл жаңа педагогикалық технологияны, оқыту қызметінің жаңа әдістерін, тәсілдерін, әдістемелерін әзірлеу және тарату.

Оқытудың белсенді және интербелсенді әдістері – бұл оқу және ұйымдастыру міндеттерін тиімді шешу құралы. Оның міндеттері:

*- теориялық білімді бекіту, жаңа тәсілдер мен әдістерді ендіру, практикалық дағдыларды сіңіру, кәсіби құзіреттілікті қалыптастыру, оқытындардың өзін өзі дамыта білуін және өзін өзі көрсетуін қамтамасыз ету;*

*- оқу материалының меңгерілу процесіне үздіксіз бақылау орнату;*

*- өндірістік функцияларды жүзеге асыру (өндірісті ұйымдастыру, жоспарлау, есеп беру, бақылау, талдау, үйлестіру, реттеу және т.б.);*

*- жағдайды талдау, проблемаларды анықтау, міндет қою, проблемаларды шешу жолдарын анықтау және т.б., зерттеу операциялары сияқты басқармалық шешімдерге серіктес процедуралар жинағын ретімен орындау.*

**Технологиялық инновациялар** – бұл жаңа заманның компьютерлік және телекоммуникациялық технологиялары. Технологиялық инновациялар экономикалық механизмдерде, оқытушылар мен студенттер еңбегін ұйымдастыруда түбегейлі өзгерістерге, оқытушылық қызмет сипатына зор әсерін тигізетін көптеген педагогикалық әдістер мен тәсілдердің айтарлықтай кеңеюіне әкеледі, мұның барлығы жалпы педагогикалық жүйешенің дамуына ықпал етеді.

**Технологиялық инновацияны** әзірлеу мен пайдалану, білім беру процесінде жаңа компьютерлік және телекоммуникациялық технологияны пайдалану инновациялық оқу үрдісін дамытудың жетекші факторы болып табылады. Жаңа ақпараттық технологияны үздіксіз қарқынмен тұрақты жетілдіру соңғы он жылдықта білім беру саласындағы жаңа ендірімдерді ынталандырады және жеделдетеді.

**Жаңа технологияны пайдалану барысында ұйымдастырушы инновацияларды меңгеру** бүкіл білім беру жүйесінің маңызды факторы болып табылады.




### 3. Білім беру саласындағы ұйымдастыру инновациясы дегеніміз бұл:

- оқытушы еңбегін бөлу (мазмұнды, тьюторларды әзірлеушілерді, оқыту әдістері бойынша мамандарды, оқу процесінің барысына бақылау жасаушы мамандар және т.б. бөлу);

- ақпараттық технологиялар бойынша оқытушыларды, мамандарды және оқу процесін ұйымдастырушыларды қашықтықтан оқыту курстарын ойластырушы және ұсынушы топтарға, командаларға біріктіру.

Нарық механизмдері мен жаңа білім беру технологиясының дамуымен Қазақстанда білім беру саласында экономикалық инновациялар қалыптасуда, атап айтқанда:

- білім беруді мемлекеттік қаржыландырудың жаңа механизмдері;
- білім беруді қаржыландырудың көздерін диверсификациялау;
- студенттік өзін-өзі қаржыландыру және өзін-өзі басқару;
- білім беру саласындағы салықтық ынталандыру;
- білім беруді кәсіпорындардың қаржыландыруының жаңа механизмдері;
- білім беру саласындағы еңбекті төлеу механизмі;
- білім беру қызметінің ауқымынан үнемдеу механизмі.



Білім беру инновацияларын тарату білім беру өнімдері мен қызметі нарығының айтарлықтай кеңеюіне әкеледі, себебі:

- Білім беру қызметін тұтынушылар, білімге сұраныс күрт өседі;
- Білім беру өнімдері мен қызметінің ұсынысы барынша ұлғаяды;
- Білім беру өнімдері мен қызметі саласында бәсекелестік күшейеді.

**Назарларыңызға рахмет!**